

1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін қамтамасыз ету және Республика қабылдаған халықаралық шарттық міндеттемелерді орындау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 6 қыркүйектегі N 2453

Конституцияда көзделген мемлекеттік органдардың тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету және Республика қабылдаған халықаралық шарттық міндеттемелерді орындау мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының Президенті бірінші сайланған Республика Парламентінің алғашқы сессиясының жұмысы басталғанға дейін:

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Бас Прокуроры, Ұлттық Банкінің Төрағасы және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы қызметіне тағайындау;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын, Жоғарғы Соты алқаларының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату ;

Республиканың Конституциялық Сотының Төрағасы мен судьяларын, Республиканың Жоғары Төрелік Сотының Төрағасы мен судьяларын қызметтен босату;

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының

Төрағасын, Төрағаның орынбасарын, хатшысы мен мүшелерін қызметке тағайындау және қызметтен босату;

Қазақстан Республикасының бас Прокуроры мен соттарының судьяларын ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бекіту және олардың күшін жою жөніндегі өкілеттікті жүзеге асырады деп белгіленсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК